

«Азиялық Несие Қоры» микроқаржылық ұйымы» ЖШС
ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және
банкроттығы туралы

2023 жылдың 3 наурызынан бастап қарыздар мен микронесиелер бойынша мерзімі өткен берешегі бар азаматтар банкроттық рәсіміне өтінім бере алады. Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң 3 түрлі рәсімді көздейді – соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру.

Соттан тыс банкроттық

Соттан тыс банкроттық банктер, микроқаржылық ұйымдар (МҚҰ) және коллекторлық агенттіктер (бұдан әрі – қаржылық ұйымдар) алдындағы қарыздар бойынша ғана айрықша түрде қолданылуы мүмкін. Соттан тыс банкроттық рәсімін азаматтар келесі шарттармен қолдана алады:

- қаржылық ұйымдар алдындағы қарыз 1 600 АЕК (5.5 млн.теңге) аспайды;
- қаржылық ұйымдар алдындағы міндеттемелер бойынша өтінімді беру күніне 12 кезекті ай бойы төлемді өтеу жоқ болған жағдайда;
- борышкердің тіркелген мүлкі, соның ішінде ортақ меншікте тұрған мүлкі жоқ;
- борышкерге қатысты несиелік шарт бойынша мерзімі өткен берешек туындаған сәттен бастап 18 айдан аспайтын мерзімдерде орындалмаған міндеттемелерді реттеу немесе өндіріп алу бойынша рәсімдер жүргізілген;
- банкроттық өтінімді беру күніне 7 жыл бойы қолданылмаған.

Соттан тыс банкроттыққа сондай-ақ өтінімді беру күніне 5 жылдан артық өзінің берешегін өтемеген азаматтар жүгіне алады. Бұл ретте жоғарыда келтірілген шарттар мұндай борышкерге қолданылмайды. Алты ай бойы атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушы болып табылатын борышкерлер сондай-ақ мерзімі өткен қарыздың мерзімін есептеусіз осы рәсімді қолдануға өтінім бере алады.

Соттан тыс банкроттыққа өтінімді «электрондық үкіметтің» www.egov.kz. веб-порталы арқылы беруге болады.

Өтінімге атауы, берешек сомасы, орналасқан жерін көрсете отырып, кредиторлардың тізімін қоса тіркеу қажет; борышкердің банктік қарыз/микрокредитті беру шарты бойынша берешекті реттеу және/немесе өндіріп алу бойынша шаралар қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесі, немесе қаржылық ұйымның себептерін дәлелді негіздеуі көрсетілген шарт талаптарын өзгертуден бас тартуы туралы құжат.

Сот арқылы банкроттық

Сот арқылы банкроттық 1 600 АЕК асатын қарыздар бойынша қолданылады. Сот арқылы банкроттықтың мақсаты – борышкердің мүлкін сату есебінен кредиторлардың қарыздарын өтеу. Бұл ретте, егер жалғыз тұрғын үй кепілдік мәні болып табылса, онда кредитор оны сот арқылы банкроттық барысында алып қоюға құқылы болады. Сонымен бірге егер жалғыз тұрғын үй кепілдік болып табылмаса, кредиторлар оған талаптана алмайды. Қалған өтелмеген сома борышкердің жосықсыздығы белгілері (мүлкін немесе ол туралы ақпаратты жасыру, жалған ақпарат беру және т.б.) болмаған жағдайда шығысқа шығаруға жатады.

Сот арқылы банкроттық рәсімін қаржылық басқарушылар жүргізеді. Қызмет құны 70 000 теңге. Төлем борышкер мүлкі есебінен жүргізіледі. Тұрғындардың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарына жататын, мүлкі жоқ тұлғалары үшін қаржылық басқарушылардың қызметтері тегін болып табылады.

Сот арқылы банкроттықты қолдану барысында борышкерге мыналарға тыйым салынады:

- **мүлікті иеліктен айыру бойынша мәмілелер жасау (сату, сыға беру);**
- **қарыздар алу, кепілдіктер және кепілгерліктер беруге;**
- **шетелге шығуға.**

Сот арқылы банкроттық рәсімін өткізуге өтінім борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа қабылданады.

Банкроттықты жүргізу мерзімі – 6 ай, тағы жарты жылға ұзарту мүмкіндігімен.

Азаматты банкрот деп жариялаудың салдары:

- 5 жыл бойы қарыздар мен несиелер алуға тйым салу (ломбардтар микрокредиттер алудан басқа);
- Қайталама банкроттық тек 7 жылдан кейін ғана;
- Банкроттықтан кейін 3 жыл бойы банкроттың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізілетін болады.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру

Тұрақты табысы бар азаматтар сотта қарыздарды 5 жылға дейін бөліп төлеу мүмкіндігін алуды көздейтін бұл рәсімді қолдана алады. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге өтінім беруді жоспарлап отырған борышкер үшін қойылатын жалғыз шарт – қарыз мөлшері борышкерге тиесілі мүліктің құнынан аспауы тиіс.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары қаржылық басқарушымен бірлесес отырып, әзірленеді және сотта бекітіледі. Сауықтыру бойынша шараларға мыналар кіреді:

- мүлік бір бөлігін сату;
- мүлікті жалдауға (жалға) беру;
- жаңа үй сатып ала отырып, тұрғын үйді сату;
- тұрғын үйді құны төмен тұрғын үйге айырбастау және басқасы.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімінің артықшылығы болып бұдан кейін борышкерге «банкрот» деген мәртебе берілмейтіндігінде, тиісінше, оған банкрот үшін көзделген салдар таралмайды, сондай-ақ шетелге шығу түріндегі сияқты шектеулер болмайды.

Алименттер бойынша, басқа адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіру бойынша қарыздар, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша шығынды өтеу қарыздары есептен шығаруға жатпайды!

Банкроттық рәсімдері бойынша толығырақ түсініктемелер алу үшін Сіз ӨЗІҢІЗДІҢ облысыңыз бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне немесе Қазақстан Республикасының Қаржылық нарықты реттеу және дамыту жөніндегі агенттік сайтына www.FinGramota.kz жүгіне аласыз.